

**"Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1676
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 тамыздағы № 811 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы
№ 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1676 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 15, 248-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу тәртібін, оның ішінде астық қабылдау кәсіпорындарында астықты қабылдау, өлшеу, тазалау, кептіру, сақтау және тиеп жөнелту жөніндегі операцияларды ресімдеу және есепке алу, астық сақтау қоймаларында сақтаудағы астықтың мөлшерін айқындау тәртібін айқындайды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Өндірістік-технологиялық зертхана (бұдан әрі – ӨТЗ) маманы қолданыстағы және мемлекетаралық стандарттарға (бұдан әрі – стандарттар) сәйкес астық сапасын айқындау үшін астықтың әрбір келіп түскен автомобиль партиясынан сынаманы іріктеп алады. Сынаманы іріктеп алу кезінде маман дақылдың және автомобильдің мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісінің тауарлық-көліктік жүкқұжаттың деректеріне сәйкестігін тексереді. Іріктеп алынған сынама бойынша астықты орналастыру үшін қажетті сапасын алдын ала талдау жүргізіледі. Алдын ала талдау нәтижелері бойынша жүкқұжаттың бірінші данасында астықты түсіру нүктесі көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-бөліммен толықтырылсын:

«9-1 Астық сақтау қоймаларында сақтаудағы астықтың мөлшерін айқындау
т ә р т і б і

68-1. Астық сақтау қоймаларындағы астықтың көлемін есептеу кезінде элеватор конструкциясының деректерін, сүрлемнің, шанақтардың, қоймалардың, көлемі мен нысанын, сондай-ақ оларда сақталатын астық сапасының жай-күйін
б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т .

68-2. Астық сақтау қоймаларында сақталатын астықтың мөлшерін айқындау үшін облыстық аумақтық инспекция бастығының бұйрығымен мынадай құрамда комиссия құрылады: мемлекеттік астық инспекторы, астық қабылдау кәсіпорнының басшысы (басшының орынбасары), материалдық жауапты тұлға және ӨТЗ маманы (бұдан әрі – Комиссия).

Астық қолхаттарын не олардың бөліктерін ұстаушылардың жазбаша өтініші бойынша астық қолхаттарының астықтың іс жүзінде болуымен қамтамасыз етілу мәселесі бойынша тексерулер жүргізу кезінде Комиссия астық қабылдау кәсіпорнында сақталатын астықтың барлық көлемін өлшеуді жүзеге асырады.

68-3. Астық қабылдау кәсіпорны Комиссияға мынадай құжаттарды:

- 1) астық қолхаттарының тізілімін;
- 2) астықтың сандық-сапалық есебі кітабын;
- 3) астық сақтау қоймасындағы астық пен ыдыстың қозғалысы туралы есепті;
- 4) астықты сақтауға арналған ыдыстар мен қоймалардың паспорттық деректерін;

5) сүрлемдік корпустардың, еденде сақтау қоймаларының орналасу, астық кептіргіштердің, тиеу-түсіру нүктелерінің, таразы жабдығының, элеватордың сүрлем картасының орналасу схемасын;

6) сақталудағы астықты, оның ішінде астық натурасы көрсеткішінің соңғы тексеріп қарау деректерін ұсынады.

Қажет болған кезде Комиссия қолданыстағы стандарттарға сәйкес астық натурасын (сүрлемдерде және еденде сақтау қоймаларында таңдай отырып) дербес анықтауға құқылы.

68-4. Комиссия астықты өлшеуді жүргізген кезде белгіленген тәртіппен тексеруден өткен (тексеру туралы сертификаты, таңбасы, лейблі немесе пломбасы бар) арнайы өлшегіш аспаптар (өлшеуіш – нақты градуирленген, тозбайтын жабындысы бар өлшегіш лента не лазерлік қашықтық өлшегіш – лазерлік сәулені пайдалана отырып, қашықтықты өлшеуге арналған аспап) пайдаланылады.

Лазерлік қашықтық өлшегішті пайдаланған кезде шаң-тозаңдық жапқыштан кедергілердің пайда болатынын ескеру қажет.

68-5. Астықты өлшеу кезінде элеватордың жұмыс мұнарасындағы жедел

ш а н а қ т а р

б о с а т ы л у ы

т и і с .

Комиссия өлшеу жүргізуді элеватордың жоғарғы қабатынан сүрлем үстіндегі галереядан бастайды. Сүрлемді визуалды тексеру жарық беруші фонарьдың көмегімен жүргізіледі. Өлшеуіш жүкпен бірге сүрлемге люк арқылы жүктің астық үйіндісінің беткі қабатымен жанасқанға дейін түсіріледі. Өлшеуіш созылады және люктан бастап үйіндінің беткі қабатына дейінгі еркін кеңістіктің биіктігі өлшенеді. Комиссия мүшелері салыстырып тексеру кезінде бірдей болуы тиіс өлшеу жазбаларын қатар жүргізеді.

68-6. Астықты орталық ось бойынша беру және шығару кезінде дөңгелек сүрлемдегі E_c (тонна) астық мөлшері мынадай формула бойынша анықталады:

$$E_c = \pi R^2 (1/3 H_1 + H_2 + 1/3 H_3) \gamma;$$

м ұ н д а ғ ы :

γ – астықтың көлемді массасы, тонна/текше метр;

R – сүрлемнің ішкі радиусы, метр;

H_1 – сүрлемнің жоғарғы конустық бөлігінің биіктігі, метр ($H_1 = R \operatorname{tg} \alpha$ формуласы бойынша есептелінеді, мұндағы α – сүрлемді толтыру кезіндегі астықтың табиғи еңісінің бұрышы ($\alpha=26^0$); $\operatorname{tg} \alpha = 0,49$);

H_2 – сүрлемнің цилиндрлік бөлігінің биіктігі, метр;

H_3 – сүрлемнің төменгі конустық бөлігінің биіктігі, метр (паспорттық деректерге сәйкес).

Дөңгелек сүрлемдер үшін өлшеу нәтижелері осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлшеу актісімен ресімделеді.

Дөңгелек сүрлемдегі астықтың орналасу схемасы осы Қағидаларға 28-қосымшада келтірілген.

68-7. Элеватордың дөңгелек сүрлемдері (сүрлем-жұлдызша) арасындағы астықты өлшеу дөңгелек сүрлемдердегі өлшеуге ұқсас жүргізіледі.

Сүрлем-жұлдызшадағы астық мөлшері $E_{ж}$ (тонна) былайша есептелінеді.

Алдымен сүрлем-жұлдызшаның орта бөлігіндегі $F_{ж}$ (шаршы метр) қимасының ауданы анықталады:

$$F_{ж} = D^2 - \frac{\pi D^2}{4} = D^2 - 0,785 D^2 = 0,215 D^2$$

Сүрлем-жұлдызша қимасының ауданын цилиндр қимасының ауданына теңестіре отырып, баламалы диаметр мен радиусты анықтайды:

$$D_3 = \sqrt{\frac{0,215 D^2}{0,785}} = 0,524 D;$$

$$R_3 = 0,262 D;$$

$$R_3^2 = 0,0686 D^2$$

Сүрлем-жұлдызшаның жоғарғы бөлігінің биіктігі $H_1 = R_3 \operatorname{tg} \alpha_1$; төменгі бөлігінің $H_3 = R_3 \operatorname{tg} \alpha_2$; орта бөлігінің $H_2 = H_c - R_3 (\operatorname{tg} \alpha_1 + \operatorname{tg} \alpha_2)$ болады.

Сүрлемнің жоғарғы (E_1), орта (E_2) және төменгі (E_3) бөліктерінің сыйымдылығы дөңгелек сүрлем үшін сияқты есептелінеді:

$$E_1 = \frac{y \pi R_3^2 H_1}{3}; \quad E_2 = y \pi R_3^2 H_2; \quad E_3 = \frac{y \pi R_3^2 H_3}{3}$$

Осылайша, сүрлем-жұлдызшасының сыйымдылығы $E_{\text{ж}}$ (тонна):

$$E_{\text{ж}} = \frac{y \pi R_3^2 H_1}{3} + y \pi R_3^2 H_2 + \frac{y \pi R_3^2 H_3}{3} =$$

$$= y \pi R_3^2 (1/3 H_1 + H_2 + 1/3 H_3) \text{ болады.}$$

Сүрлем-жұлдызшалар үшін өлшеу нәтижелері осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес өлшеу актісімен ресімделеді.

Сүрлем-жұлдыздағы астықтың орналасу схемасы осы Қағидаларға 28-қосымшада көрсетілген.

68-8. Шаршы сүрлемдегі астықты өлшеу дөңгелек сүрлемге ұқсас жүргізіледі.

Шаршы сүрлемнің жан-жақпен сыйымдылығын есептеу а сүрлем-жұлдызшаның сыйымдылығын есептеуге ұқсас жүзеге асырылады.

Алдымен мына формула бойынша баламалы диаметр мен радиусты анықтайды:

$$a^2 = \pi R_3^2$$

$$\text{бұдан: } R_3 = 0,564a, D_3 = 1,128a.$$

Сүрлемнің жоғарғы бөлігінің биіктігі $H_1 = R_3 \operatorname{tg} \alpha_1$ төменгі бөлігінің $H_3 = R_3 \operatorname{tg} \alpha_2$; орта бөлігінің $H_2 = H_c - R_3 (\operatorname{tg} \alpha_1 + \operatorname{tg} \alpha_2)$ болады.

Астықпен толтырылған шаршы сүрлемнің жалпы сыйымдылығы E_c (тонна):

$$E_c = y \pi R_3^2 (1/3 H_1 + H_2 + 1/3 H_3) =$$

$$= y a^2 (1/3 H_1 + H_2 + 1/3 H_3) \text{ болады.}$$

Өлшеу нәтижелері шаршы сүрлем үшін осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлшеу актісімен ресімделеді.

Шаршы сүрлемдегі астықтың орналасу схемасы осы Қағидаларға 28-қосымшада келтірілген.

68-9. Тиеу және шығару тесіктері орталық ось бойынша жобаланбаған элеватор сүрлеміндегі астықтың мөлшерін анықтау дөңгелек сүрлемдегі өлшемге ұқсас жүзеге асырылады.

Астықпен толтырылмаған көлем мынадай болады:

$\alpha_1 = 26^0$ болғанда дөңгелек сүрлемнің жоғарғы бөлігінде

$$V = K_1 D^3$$

шаршы

$$V' = K_3 a^3$$

$\alpha_2 = 36^0$ болғанда дөңгелек сүрлемнің түбін толтыру

$$V_3 = K_2 D^3 - Q$$

шаршы

$$V_3 = K_4 a^3 - Q_1$$

мұндағы: K_1 және K_3 – жоспардағы тиеу тесігінің орналасуына байланысты коэффициенттер;

K_2 және K_4 - жоспардағы шығару тесігінің орналасуына байланысты коэффициенттер;

D – сүрлемнің ішкі диаметрі, метр;

d – тиеу тесігінің диаметрі, метр;

a – шаршы нысанындағы сүрлем жағының ішкі көлемі, метр;

Q – дөңгелек сүрлемнің шығару тесігінің нақты көлеміне түзету:

$$Q = AD - B \quad (A = 0,28535 d; B = 0,0951 d)$$

Q_1 – шаршы сүрлемнің шығару тесігінің нақты көлеміне түзету:

$$Q_1 = 0,36327 d a^2 - 0,951 d^3$$

Дөңгелек сүрлемдер үшін K_1 және K_2 коэффициенттерінің мәндері осы Қағидаларға 31-қосымшада келтірілген.

Шаршы сүрлемдер үшін K_3 және K_4 коэффициенттерінің мәндері осы Қағидаларға 32-қосымшада келтірілген.

68-10. Элеватор шанақтарындағы (тік бұрышты, дөңгелек, сопақша тәріздес) астықтың мөлшерін анықтау осы Қағидалардың 68-11-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Тік бұрышты және дөңгелек сүрлемдер (шанақтар) астық сақтау үшін

ыдыстар, сепараторлар мен кептіргіштерге дейін және олардан кейін жинақтау ыдыстары ретінде, қалдықтарды жинақтау үшін, астықты вагондар мен автокөлікпен жіберу үшін пайдаланылады. Сапақша тәріздес шанақтар қабылдау құрылғыларында автомобиль және темір жол көліктері үшін қолданылады.

68-11. Тік бұрышты шанақтың геометриялық көлемі V (шанақтың жоғарғы жиектері арқылы өтетін жазықтықтағы шанақтың ішкі қуысының көлемі) (текше метр) мына формула бойынша анықталады:

$$V = \frac{H_6}{6} [(AB + ab + (A + a)(B + b)];$$

мұндағы: H_6 – шанақтың биіктігі, метр;
 a, b – шығару тесігінің мөлшері;
 A, B – шанақтың жоғарғы жиегінің мөлшері.

Егер шанақ шаршы түрінде болса, онда $A=B$ және $Ab=Bb$, онда:

$$V = \frac{H}{3} (A^2 + A_6^2 + A_6)$$

Пирамидалы және параллелепипедті бөліктерден тұратын құрамдастырылған шанақтардың көлемі мынаған:

$$V = H_B A B + \frac{H_H}{6} [A B + a b + (A + a)(B + b)] \text{ тең}$$

мұндағы: H_B – параллелепипедтің биіктігі, метр;
 H_H – пирамидалды бөліктің биіктігі, метр.

Үйінді жүктерге арналған шанақтың нақты сыйымдылығы шанаққа материалдарды төккен кезінде пайда болатын табиғи еңісінің бұрышына байланысты.

Ыдысқа салынатын астық мөлшері A (тонна) мынадай формула бойынша анықталады:

$$A = Vy$$

68-12. Қоймадағы астық мөлшерін анықтауды осы Қағидалардың 68-13-тармағына сәйкес жүзеге асыру ұсынылады.

68-13. Астық қоймаларында сақтаудағы астық көлемін анықтау бойынша өлшеу және есептеу кезіндегі қателікті барынша азайту үшін:

1) толық қоймада астық үйіндісінің орналасуын тиісті геометриялық қалыпқа келтіру, астық үйіндісін ұзындығы мен ені бойынша жоғарыдан тегістеу;

2) толық емес қоймаларда бір ыдысқа салу тәсілімен, екінші жағынан и еңістіктің бұрышын жасай отырып, геометриялық қалып жасау талап етіледі.

Қабырғалар жанындағы үйіндінің биіктігі қызыл сызықпен шектелуі тиіс.

Қызыл сызықтың биіктігі қойманың конструкциялық көлеміне байланысты.

Қоймадағы астықтың үйіндісі геометриялық пішіні күрделі кескінге ие, оның көлемі жеке қарапайым геометриялық денелерді жасайтын бес көлемнің сомасымен анықталады.

$$E_{\text{жалпы}} = E_1 + E_2 + E_3 + E_4 + E_5$$

мұндағы: E_1 – мына формула бойынша анықталатын төменгі параллелепипедтің көлемі:

$$E_1 = A B h$$

A – қойманың астыңғы жағы бойынша ұзындығы, метр;

B – қойманың астыңғы жағы бойынша ені, метр;

h – қойма қабырғасының жанындағы үйіндінің биіктігі, метр.

E_2 – мына формула бойынша анықталатын жоғарғы параллелепипедтің көлемі:

$$E_2 = A_1 B_1 h_1$$

A_1 – қойманың жоғарғы қабатының ұзындығы, метр;

B_1 – қойманың жоғарғы қабатының ені, метр;

H – қойманың ортасындағы үйіндінің биіктігі, метр;

h_1 – қойманың ортасындағы және қабырға жанындағы үйіндінің

айырмашылығы, метр.

E_3 – мына формула бойынша анықталатын екі үлкен бүйір призманың көлемі:

$$E_3 = \frac{(C h_1 A_1)}{2}$$

$$C = A - A_1; C = B - B_1$$

E_4 – мына формула бойынша анықталатын екі кіші кесік призманың көлемі:

$$E_4 = (C h_1 B_1)/2$$

E_5 – мына формула бойынша анықталатын барлығын алғанда пирамиданың көлеміне тең төрт бұрышындағы үйіндінің көлемі:

$$E_5 = (C h_1)/3$$

Қоймадағы астықтың жалпы көлемі жоғарыда көрсетілген көлемдерді қосу жолымен анықталады:

$$E_{\text{жалпы}} = A B h + \frac{A_1 B_1 h_1}{2} + \frac{C h_1 A_1}{2} + \frac{C h_1 B_1}{2} + \frac{(C h_1)}{3}$$

Үлгілік емес қоймалардың паспорттық сыйымдылығын мына формула бойынша есептеуге болады:

$$Q = (A B h + ((A+A_1)/2 (B+B_1)/2) (H-h)) \cdot K$$

мұндағы: К – қойманың ұзындығына байланысты түзету коэффициенті (ұзындығы 15 метрге дейін – 0,9; 15 метрден 30 метрге дейін – 0,86; 30 метрден 45 метрге дейін – 0,82; 45 метрден 60 метрге дейін – 0,78; 60 метрден жоғары – 0,75)

Бұл жағдайда астық үйіндісінің жалпы көлемі $E_{\text{қойма}}$ (текше метр) төменгі параллелепипед ($E_{\text{п}} = A B h$) және жоғарғы қиық пирамида көлемдерінің сомасы ретінде есептеледі:

$$E_{\text{қойма}} = [A B h + ((A+a)/2) ((B+b)/2)(H-h)] y;$$

мұндағы: α – астықтың табиғи еңісінің бұрышы ($\alpha=25^0$).

Өлшеу нәтижелері осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес қойма үшін өлшеу актісімен ресімделеді.

Қоймадағы астық үйіндісі осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес схемалық түрде көрсетілген.»;

осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33 және 34-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 8 тамыздағы
№ 811 қаулысына
1-қосымша
Астықтың сандық-сапалық
есебін жүргізу қағидаларына
27-қосымша

астық қабылдау кәсіпорнының атауы
толтырылған күні
20__ жылғы «__» _____

Дөңгелек сұрлемдер үшін өлшеу актісі

	Сұрлемнің паспорттық биіктігі	Қуысты өлшеу деректері	Сұрлемнің толтырылған бөлігі (үйінді)	Жоғарғы конустық бөліктің биіктігі	Түптің конустық бөлігінің биіктігі	Астықтың ортаңғы бөлігінің биіктігі

Р/с №	Сүрлем №	H_c	$H_{өлшеу}$	$H_{үйінді} = H_c - H_{өлшеу}$	$H_1 = R \operatorname{tg} \alpha$, $\operatorname{tg} \alpha = 0,49$	элеватордың паспорттық деректеріне сәйкес, H_3	$H_2 = H_{үйінді} - H_1$
		(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

8

тамыздағы

№

811

қаулысына

2-қосымша

Астықтың


сандық-сапалық

есебін


жүргізу

қағидаларына

28-қосымша



1-сурет. Дөңгелек сүрлемдегі астықтың орналасуы



2-сурет. Сүрлем-жұлдыздағы астықтың орналасуы

3-сурет. Ша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

8

тамыздағы

№

811

қаулысына

3-қосымша

Астықтың

сандық-сапалық

есебін

жүргізу

қағидаларына

29-қосымша

астық

қабылдау

кәсіпорнының

атауы

Сүрлем-жұлдызша үшін өлшеу актісі

P/c №	Сүрлем №	Сүрлемнің паспорттық биіктігі	Қуысты өлшеу деректері	Сүрлемнің толтырылған бөлігі (үйінді)	Жоғарғы конустық бөліктің биіктігі	Түптің конустық бөлігінің биіктігі	Астықтың ортаңғы бөлігінің биіктігі
		H_c	$H_{өлшеу}$	$H_{үйінді} = H_c - H_{өлшеу}$	$H_1 = R \operatorname{tg} \alpha, \operatorname{tg} \alpha = 0,49$	элеватордың паспорттық деректеріне сәйкес, H_3	$H_2 = H_{үйінді} - H_1$
		(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)
1	2	3	4	5	6	7	8

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 8 т а м ы з д а ғ ы

№ 8 1 1 қ а у л ы с ы н а

4-қосымша

А с т ы қ т ы ң с а н д ы қ - с а п а л ы қ ж ү р г і з у қ а ғ и д а л а р ы н а

30-қосымша

а с т ы қ қ а б ы л д а у к ә с і п о р н ы н ы ң а т а у ы

Т О Л Т Ы Р Ы Л Ғ А Н К Ү Н І

Шаршы сүрлем үшін өлшеу актісі

P/c №	Сүрлем №	Сүрлемнің паспорттық биіктігі	Қуысты өлшеу деректері	Сүрлемнің толтырылған бөлігі (үйінді)	Жоғарғы конустық бөліктің биіктігі	Түптің конустық бөлігінің биіктігі	Астықтың ортаңғы бөлігінің биіктігі
		H_c	$H_{өлшеу}$	$H_{үйінді} = H_c - H_{өлшеу}$	$H_1 = R \operatorname{tg} \alpha, \operatorname{tg} \alpha = 0,49$	элеватордың паспорттық деректеріне сәйкес, H_3	$H_2 = H_{үйінді} - H_1$
		(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

8

тамыздағы

№

811

қаулысына

5-қосымша

Астықтың

сандық-сапалық


есебін

жүргізу

қағидаларына

31-қосымша

Шаршы сүрлем үшін K1 және K2 коэффициенттерінің мәндері

	y/D	K ₁ ($\alpha_1=26^0$ градус болғанда)	K ₂ ($\alpha_2=26^0$ град болғанда)
	0,00	0,1278	0,1902
0,05	0,1288	0,1917	
0,10	0,1315	0,1959	
0,15	0,1364	0,2031	
0,20	0,1429	0,2125	
0,25	0,1512	0,2253	
0,30	0,1614	0,2404	
0,35	0,1731	0,2579	
0,40	0,1864	0,2776	
0,45	0,2010	0,2993	
0,50	0,2167	0,3229	

Ескертпе: α_1 – сүрлем үстіндегі астықтың еніс бұрышы, градуспен;

α_2 – сүрлем түбінің ылди бұрышы, градуспен.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

8

тамыздағы

№

811

қаулысына

6-қосымша

Астықтың

сандық-сапалық

есебін

жүргізу

қағидаларына

32-қосымша

Шаршы сүрлем үшін K₃ коэффициентінің мәні

($\alpha_1 = 26^0$ градус болғанда)

	Шама мәні у				
--	-------------	--	--	--	--

		A	B	h	H	A ₁	B ₁	E _{қойма} =[AB/2)(H-h)]
		(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(метр)	(текше метр)
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

8

тамыздағы

№

811

қаулысына

8-қосымша

Астықтың


сандық-сапалық

есебін

жүргізу

қағидаларына

34-қосымша



4-сурет. Қоймадағы астық үйіндісінің схемасы